



9 МАУСЫМДА ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АҚТӨБЕДЕГІ ҚАЙҒЫЛЫ ОҚИҒА ҚҰРБАНДАРЫН АЗА ТҰТТЫ



АҚТӨБЕ. 05.06.2016

АЩЫ САБАҚ

Араға бес жыл салып, лаңкестік әрекет Ақтөбеде қайталанды. Елдің зәресін ұшырған жайттың екеуінде де адам шығыны болды. Екі оқиғада да содырлар. Осымен Ақтөбеде екінші рет қайталануына не себеп? Ақтара берсек, бұл сойқанға кімдер мүдделі болуы мүмкін деген

сауал да туындайды. Кейбіреулер бұл лаңкестік әрекетке Батысты кінәлі дейді. Енді біреулер Ресейден көреді. Дәл осы шақта Ақтөбе бейбіт күнге алаң. Себебі әлі 6 лаңкес құрықталған жоқ.

(Жалғасы 3-бетте)

Мұрат
ИСКЕНОВ, автобус
жүргізушісі:



«Менің
шекеме
автоматты
тақап,
Тұрғындар
қалашығына
қарай жүруді
бұйырды.

Әскери бөлімге жеткенде
лаңкестер тірі қалуым үшін бір ғана
мүмкіндігімнің бар екенін айтты.
Ол үшін бөлімнің қақпасын бұзып
кіріп, қоймаға дейін жеткізуім керек
еді. Қақпаны бұзып кіре берген
кезде автобустың қозғалтқышын
өшірдім. Мұны әдейі жасадым.
Қарауылдағылар көріп,
қылмыскерлерді әскери
бөлімнің ішіне кіргізбейді деп
ойлады. Бірақ лаңкестер
бірден оқ жаудырды»

(Лаңкестер басып
алған автобус
жүргізушісі оқиғаны
баяндады)



Мұхаметқали САТОВ,
Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының
орынбасары:

«Лаңкестерге қарсылық көрсеткен
кезде ең алдымен майор Майлыбаев
қаза тапты. Ол әскери контрбарлаудың
офицері. Лаңкестер «Аллаху Акбар» деп
айқайлап, қақпаны бұзып кірген кезде
шуды естіген Майлыбаев №2 штабтан
шығып, олардың алдынан шыққан. Қолында
қаруы жоқ, азаматтық киіммен жүрген еді.

Оны бірден атып тастаған. Екінші болып қатардағы жауынгер
Сапар Досбол көз жұмды. Ол патруль құрамында жүрген болатын.
Патрульдің қолында резеңке таяқ қана болады. Оның міндеті бөлім
аумағын аралап, жауынгерлердің тәртібін қадағалау. Лаңкестер бұл
жерде де қаруы жоқ адамды атып отыр. Оқ алдымен оның аяғына,
содан кейін бетіне тиген. Үшінші болып көз жұмған кіші сержант

Берікжан Қалиев. Ол
қарауылдың құрамында
болды. Соңғы дәрмені
қалғанша атысты.
Лаңкестер әскери
бөлімнің клубы
қасына дейін
келген. Біздің
әскерилерге
күштері
келмейтінін
білген соң,
қашып
кеткен»



ОЛИМПИАДАДАН
АРҒЫНЫ
КӨРМЕЙМІЗ

4



ҚАЛАНЫҢ ДА,
ДАЛАНЫҢ ДА
МҰҢЫ БІР

6



ЕҢСЕЛІ
АҚЫННЫҢ
ЕСТІ ЖЫРЛАРЫ

7

@ on the web

www.jasqazaq.kz
arda.com.kz



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)


51,63

DOLLAR

333

ҒАСЫР САҢЛАҒЫ

Ринг Әміршісі



80-жылдардың ортасына таман ол Паркинсон дертіне
шалдықты. Соған қарамастан ол әрқашан халықтың
арасында болды. Өділет үшін күресіп, ауру-сырқау, жоқ-
жітікке, мүсәпір-міскінге қол ұшын берді.

(Жалғасы 5-бетте)

«ЖАС ҚАЗАҚТЫҢ» ЖАҢА САЙТЫ

jasqazaq.kz





168 САҒАТ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Билік

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ АҚТӨБЕДЕГІ ЛАҢКЕСТІК ОҚИҒАҒА БАЙЛАНЫСТЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

Қымбатты отандастар!
Өткен жексенбіде Ақтөбе қаласында діннің атын жамылған бір топ террорист елдің тыныштығын бұзды. Ол туралы баршаңыз білесіздер. Бірақ мұсылман қауымы үшін қасиетті Рамазан айы басталар сәтте қанды қылмыс жасағандардың арам ниеттері іске асқан жоқ. Құқық қорғау және қауіпсіздік қызметтерінің қызметкерлері үлкен қатердің бетін қайтарды. Террористердің көпшілігінің көздері жойылды, бірқатары қолға түсті, қалғандарын тиісті органдар іздеп тауып, олар заңның ең қатаң талаптарымен жазаға тартылатын болады. Қазір халықтың алаңдауына ешбір негіз жоқ, жағдай толық бақылауға алынды.

Мен қайтыс болғандардың отбасыларына, туыс-туғандарына шын жүрегіммен көңіл айтамын. Қаза тапқан әскери қызметкерлер отан алдындағы антына адал болып, ел қауіпсіздігі жолында өшпес ерлік көрсетті. Олардың ерліктері мемлекет тарапынан лайықты бағаланатын болады. Оның үстіне 4 азамат мерт болды. Бәрі Ақтөбенің тұрғындары. Сондықтан, мен 9 маусым күнін Жалпыұлттық аза тұту күні деп жариялаймын. Қаза болғандардың артында отбасы, бала-шағалары қалды.



Менің тапсырмам бойынша, оларға барлық қажетті көмектер жасалуда. Тәуелсіздікті жариялау бар, ал оны қорғап, нығайту және дамыту

одан да жауапты іс. Ел бірлігі, ішкі тыныштық сол үшін керек. Мен мұны ылғи айтып келемін. Ел ішіне бүлік салудың, «түсті революциялардың» талайын басқа елдерден көріп, біліп отырмыз. Ол лаңкестік әрекеттерден, көшеге шығып шулаудан басталады. Одан Конституцияға қарсы шығады да, аяғында мемлекет күйреп, халық аш-жалаңаш қалады. Мұның бәрін біз көріп, біліп, байқап отырмыз. Біріншіден, біз кез келген сипаттағы экстремизм мен терроризмге қарсы заңдарды қайта қарап, бұл құбылысқа қатаң тойтарыс беру жайын ойластыруымыз керек. Қолына қару алып, кісі өлтірген адам өлім жазасына кесілуі қажет. Екіншіден, елдігімізге сына қағатын зұлымдықтардың ымырасыз жолын кесуіміз қажет. Ел тыныштығын сақтамасак, мынадай әлемдік дағдарыстан өте алмаймыз. Сондықтан барша халық болып бірігіп, елді сақтауды ойлауымыз керек.

Ел іші бүтін болмаса, ел де болмайды. Қазір — нағыз елім, жерім деген отансүйгіштікті көрсететін уақыт. Халқымыздың қауіпсіздігі мен тұтастығы үшін бәріне де дайын екенімізді көрсететін кез келді. Қауіпсіздік пен тұрақтылық, бейбітшілік пен келісім — ең басты байлығымыз. Біз тәуелсіздігіміздің тірегі болған бұл құндылықтарды көздің қарашығындай сақтаймыз.

Мен Қазақстан халқы дүниедегі дағдарыс және бүгінгідей жауапты шақта тағы да барша әлемге елдігі мен бірлігін паш етеріне сенемін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Әлеумет.т⁰

Қасқыр жуас бола ма?

Ақтөбеде орын алған террорлық акт кезінде содырлардың қолынан қаза болған азаматтарымыздың отбасына қайғыра көңіл айтамыз. Мәселе өте күрделі. Діни ахуал асқынып тұр.

Сәләфизмді тек ағартушылық жолмен жою мүмкін емес. Мен бұл ойымды талай рет БАҚ беттерінде де, еліміздегі осы саладағы жауапты мекеме басшыларына да ашық айтқан болатынымын. Егер тек ағартушылық жолмен жою мүмкін болғанда небір аты әйгілі ғұламаларға толы Мысырда сәләфизм деген мүлдем болмас еді.

Сасық су ағып тұрған қранның аузын жаппастан, тек айналасына толып, тасыған суды ғана сүртіп алумен мәселе шешіледі ме? Әрине, жоқ! Ендеше, бүгін біздің жасап жүрген тірлік осыған ұқсайды. Ғаламтор беттері сәләфизм мен экстремизм үгітіне толып тұр. Электронды әдебиеттері, аудио, видео уағыздары өріп жүр. Тіпті сәләфизмді насихаттайтын «кз» доменімен тіркелген сайттар әлі күнге дейін кедергісіз жұмыс істеп тұр.

Ғаламтор бақылауда екені сөзсіз. Әлеуметтік желідегі пікір иелерін анықтау технология дамыған мына заманда қиын емес. Олай болса, сәләфизмді, радикализмді, экстремизмді таратып отырғандарды неге анықтап, құрықтамайды? Неліктен оларға көлденең тосқауыл қойылмайды? Неліктен оларға қаржылай демеу беріп отырған кәсіпкерлер жөнге келтірілмейді? Мәселе түсінікті! Өйткені, сәләфизм біздің елде заңмен тыйым салынбаған ағым. Тіпті бізде сәләфизмді «қалыпты», «радикалды» сәләфизм деп екіге бөліп қарастырып отыр. Қалыптыларымен радикалын жөнге келтіреміз деп, «қалыптыларына» еркіндік берілді. Нәтижесінде «қалыптыларының» саны күннен-күнге артып отыр. Жалпы, сәләфизмді бұлай екіге бөлу қате. «Қалыпты» деген сөз «булардан еш қауіп-қатер жоқ» дегенге саяды. Ал барлық сәләфилік ағымдарының қай-қайсының болмасын шейхтары, негізгі діни көзқарастары, окитын әдебиеттері бірдей. Барлығы Шәкәрімді шатасты, Абайыңды адасты дейді. Мәулітінді бидғат, домбыранды харам, Наурыздыңды ширк дейді. Тарихына түкіреді, әдет-ғұрпына пысқармайды. Ал осындай ұстанымдағы сәләфизм қалай ғана «қалыпты» саналып, елімізде тайрандап жүр? Бүгінгі радикалдары кеше

қалыптылардың сабында болғанын ұмытпауымыз керек. Радикалдарын уағыз арқылы «қалыптылардың» қатарына өткізіміз дейді «қалыпты» сәләфизмді ақтап алатын бәзбіреулер. Радикалдың «қалыптыға» айналу мүмкіншілігі бар болса, «қалыптының» да радикалға айналуы да сондай ықтимал. Бұлардың негізгі көзқарастарында анау айтарлықтай айырмашылықтың жоқтығын жоғарыда айттық. Айырмашылық тек сәләфизм идеологиясын жаюдағы тәсілдерінде ғана. Біреуі «революция» десе, екіншісі «эволюция» дейді. Қайсысы қауіпті? Қайсысы нәтижелі?! Жуас қасқыр болмайды!

Бүгінде жауапты мекемелер жоғары жаққа жыл сайын пәленше жүз адам сәләфизмнен бас тарты деп жалған есеп беруде. Бұл тиісті орындарды «ағартушылық арқылы сәләфизмді толықтай жоюға болады» деген қате тұжырымға итермелейтін әрекет. «Менің басшылық кезімде тыныш болсын, ертең не болса, о болсын» деген өзімшіл көзбояушылықтың көрінісі.

Жалпы, сәләфизммен күрес екі бағытта қатар жүргізілуі тиіс. Біріншісі заңмен тыйым салу. Оның тетіктері бар. Тек бас қатыру керек. Екіншісі ағартушылық. Қазір бұл бағытта жақсы жұмыстар жасалып жатыр. Бірақ жеткіліксіз. Өйткені, жоспар жоқ. Қаржы тапшы. Сондықтан ең әуелі қаржы көзі қарастырылып, сосын ғылыми орталық, арнайы институт құрылып, сол жерге шетелдік және жергілікті білікті мамандарды шоғырландыру ләзім. Сәләфизм мен тәкфиризм идеологиясына, олардың барлық уәждеріне қарсы жалпылама емес, ғылыми тұрғыда, жоспарлы түрде, жеке-жеке дәйекті жауап беру керек. Кітап, брошюра, видео, аудио материалдар дайындалуы қажет. Тіпті мемлекет тарапынан арнайы көркем фильмдер түсірілуі тиіс. Еліміздегі медресе, университет шәкірттеріне арнайы бағдарлама түзілуі керек. Тағысын тағы...

Тәжікстан, Өзбекстан секілді біз де түбінде заңға жүгінеміз. Тек ол кезде кеш болып жүрмесе...



Қайрат ЖОЛДЫБАЙҰЛЫ,
дінтанушы

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

115

млрд теңге. Ұлттық қордан жалға берілетін баспананың құрылысына жұмсалатын қаржы көлемі

1,7

млн гектар жерді Ресей елімізге қайтарды

5,9

млрд теңге. Т.Ермегияев «Астана ЭКСПО-2017» компаниясына қайтаруы тиіс қаржы

Аптаның айтысы

Ерлан ҚАРИН,
Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының директоры:

«Елімізде «ВКонтакте» әлеуметтік желісін мүлдем жауып тастау керек. Негізі жөнсіз, мәңсіз және қауіпті жазбалардың бәрі сонда»



Аманхан ӘЛІМҰЛЫ, ақын:

«Ерлан мырза, Сіз, әлеуметтік желіні жабуды ұсыныпсыз. Әлемдік адамзат ақыл-ойының жемісін әрі өркениет көрсеткішін жауып үлгі көрсетпеу керек, қайта оны пайдалану мәдениетін үйретіп, жалпы, құралдың (бұл жерде Әлеуметтік желіні құрал деп түсінейік) жаман болмайтынын, оны пайдалана білмейтін білімсіз, біліксіз адамның жаман болатынын айтып, жазып, ойға да бойға да сіңіру керек те. Өз тарапыңыздан сол бағыт-бағдарда, ұстанымда жақсы үлгі көрсетуге тиістісіз»



Серік ӘБІКЕН,
журналист:

«Өз басым «ВКонтакте» жапқан дұрыс санаймын. Өйткені, бұл ресейлік өнім. Күніне бұл желіге кіретін 70 миллион адамның дені орыстәлділер. Арасында «діндарлары» да жетерлік. Орысшаға жетік қазақ балалары солардың тұзағына түседі»

(Facebook парақшаларынан)

Жауабы

Аптаның

Сауалы

Артур ПЛАТАНОВ,
Мәжіліс депутаты:

— Алматы қаласы Алғабас ықшамауданындағы жағдайдан кейін мемлекеттік бағдарлама арқылы тапсырылатын үйлердің сапалы салынатынына нақты кім кепілдік береді?

Роман СКЛЯР, Ұлттық экономика министрінің орынбасары:

— Қазіргі таңда бұл оқиғаға қатысты қандай да бір қорытынды жасау әлі ерте. Комиссия алдағы күндері жұмысын аяқтайды. Жауапкершілікке келсек, бірінші кезекте тапсырыс беруші, мердігердің өзі жауап береді.



ҮКІМ

Талғат Ермегияев 14 жылға сотталды

«Астана ЭКСПО-2017» Ұлттық компаниясының бұрынғы басшысы Талғат Ермегияев Астана қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық мамандандырылған сотының үкімімен 14 жылға бас бостандығынан айырылды.



жазасын қатаң режимдегі колонияда өтейді. Жемқорлыққа қарсы қызметтің мәліметінше, «Астана ЭКСПО-2017» компаниясынан ұрланған қаражаттың мөлшері 10

Сонымен қатар оған материалдық жауапкершілігі жоғары мемлекеттік лауазымды иеленуге өмір бойына тыйым салынды. Дүние-мүлкі тәркіленіп, «Парасат» ордені қайтарып алынды. Талғат Ермегияев

миллиард 200 миллион теңге болды. Қылмыстық іс бойынша 23 адам айыпталды. Олар қылмыстық істің бес эпизоды бойынша айыпталды. Сот процесі биыл 4 сәуірде басталып, екі айға созылды.

Қашқын

Қораға тығылыпты

Ақтөбеде лаңкестік әрекет жасап, іздеуде жүргендердің біреуі Қобда ауылындағы бір үйдің қорасында түнегені белгілі болды.

aktobenews.kz сайты хабарлағандай, үйдің иесі Жантас Сүндетов осы оқиғадан әлі ес жия алмай отыр. Үй иесінің айтуынша, бір таныс әйел қызымен келіп түнген. Ал оның күйеубаласы қораға кіріп жатыпты. Ж.Сүндетов бұл туралы тәртіп сақшылары келгенде бір-ақ білген.

Лаң

(Басы 1-бетте)

ЖЕЛ ҚАЙДАН СОҒАДЫ?

Ұлттық қауіпсіздік комитеті кәсіпкер Токтар Төлешов «Қазақстанда билікті зорлықпен құлатуға» дайындалғанын мәлімдеді. Арнайы қызметке жүгінсек, таяуда ғана еліміздің бірқатар қалаларын шарпып өткен жерге қатысты наразылықты осы азамат қаржыландырыпты. Төлешовтің артында бәлкім, мүдделі топтар тұруы мүмкін деген ой қылаң етеді. Ол былтыр КМГБ, КГБ ардагері болған әкесінің 93 жасқа толу құрметіне орай ОКО Сайрам ауданында әскери жаттығу өткізді. Оған Ресей әуе десант әскері одағы, казак әскери ұйымдарының ардагерлері келмесе кеткен КСРО-ның жалауын желбіретті. Жалпы кәсіпкердің өмірбаянын оқысаңыз, Ресеймен ымыраласа, қоғамдық жұмыс атқарғанын байқайсыз. Ресей мемлекеттік Думасының кеңесшісі, Ресей Журналистер одағының Орталық Азиядағы өкілі. Ондағы негізі міндеті — Ресеймен қарым-қатынасты нығайту. Ресейлік журналистер әріптестері қамауға алынғанда ләм-мим демеп еді. Сонғы күндері «Газета.ру», «Лента.ру» сияқты сайттар жиі жазып, қорғаштай бастады. Қамауға алынғанда Ресейдегі «Террорлық қатерлерді сараптау орталығының» директоры Рамил Латыпов байбалам салғаны бар. Оны Ресейге тартқан өзбек кәсіпкері Ғафур Рахимов (*қазір Ресей азаматы*) деседі. Рахимовты АҚШ билігі 2012 жылы «Бауырлар ортасы» (*Братский круг*) қылмыстық ұйымының жетекшісі әрі Өзбекстандағы есірткі саудасының жетекшісі деп жариялаған.

Асылбек
ІЗБАЙЫРОВ,
дінтанушы:

«Бүгінде исламға қатысты стереотипті көзқарас пайда болған. Бұл бірінші кезекте діннен хабары жоқ, сарапшылар мен саясаттанушылардың ислам терминологиясын оңды-солды пайдалануы. Әлеуметтік желіде исламды қаралайтын жазба көбейді. Кейбіреулер баласын сүндетке отырғызудан, Әубәкіров, Сәдуақасов, Омаров, Әлиев сынды арабқа қатысы бар фамилиядан бас тарту үрдісі басталды. Сыртқы күштің де көздегені осы»

Монакода өткен Ресей жылы аясында бірқатар шараға демеуші болып, Мәскеудегі Үлкен театрың Монте-Карлоға сапарын қаржыландырған. Олег Зенор деген ресейлік блогерге берген сұхбатында «орыс тілінің жанашыры, казак тіліне қарсы екенін», — тілге тиек етіпті. 2015 жылы сайлау қарсаңында Төлешов «Удеу-Өрлеу» қоғамдық қозғалысын



АҚ ТӨБЕ. 05.06.2016

құрады. Еліміздің бүкіл аумағында бөлімшелері тіркелген. Жалпы, әлеуметтік желіде Т.Төлешовті жақтап жатқандар да баршылық.

Сондай-ақ сарапшылар АҚШ қаржыландыратын «Азаттық» радиосының Ақтөбедегі атыс-шабысты әлдебір «Қазақстанды азат ету армиясы» мойнына алғаны туралы ақпаратты неге жариялағанын түсінбей жүр. Белгісіз ұйымның үндеуінде «Бұл Қазақстанның демократиялық жолмен дамуын қолдайтындардың алғашқы сокқысы» делінген. Сонда «демократиялық жол» ок атып, кісі өлтіру ме? Біздің күштік құрылымдар бұл ақпаратты жокқа шығарды.

НЕГЕ АҚТӨБЕ?

Ал «Неге Ақтөбеде болды?», — дегенге келер болсак... «Неге Ақтөбеде емес?» деп кері сауал тастау да артық болмайды. Енді жауаптарын шама-шарқымызша тізбелеп көрелік. Ақтөбе

Астанадан алшақта орналасқан. Мұнайлы өлке. Саясаттанушы Сұлтан Әкімбеков «Ақтөбе, Батыс Қазақстан облысының Солтүстік Кавказға жақын орналасуы да өз септігін тигізді», — деп отыр. Ал Солтүстік Кавказ сан түрлі діни топтың шоғырланған жері. Жалпы, экстремизмнің алғаш белгілері Ақтөбе облысының Мұғалжар, Темір, Байғанин аудандарында байқала бастады. Жастар жағы жұмыс таппай сенделіп жүреді. Дінтанушы, профессор Артур Артемьев екі жыл бұрын Ақтөбеде 190 студент сауалнама жүргізгенін айтады. 365info.kz сайтына берген сұхбатында «Жастар не себептен экстремистер мен лаңкестердің ықпалына түседі?», — деген сауалға. Сонда 135 студент жұмыссыздық, төмен күнкөріс және тәртіп сақшысына деген сенім жоқтығы деп жауап береді. Айта кету керек, мемлекеттік идеологиядан тыс қалған жастар сыртқы күштер үшін нағыз керек топ. Діни қызметкерлердің енжарлығы да басты

себептің бірі. Дінтанушы Асылбек Ізбайыров ақтөбелік жастар ДАИШ лаңкестік ұйымының бұйрығымен әрекет етті деп отыр. Ақтөбеде сойқан жасағандар салафий-тәкфірлік жолындағы лаңкестер көрінеді. Сириядағы бір жалған шейхсымақ «Ораза айында жергілікті жерде теракті жасасандар, сонда бірден жұмакқа барасындар» деп интернет арқылы пәтуа беріпті. Қаладағы бір пәтерде 50 шақты адам жиналып, осы пәтуаны талқылапты. Олардың 20-сы «Бұл қате, біз қатыспаймыз», — деп бас тартып, қалғаны бір күнде қару алуға шешім алған деседі.

АЛҒАШҚЫ БЕЛГІ

Осыдан шамамен он жыл бұрын Темір ауданының Шұбарқұдық ауылы маңында

АЩЫ САБАҚ

құлпытастар қиратыла бастады. Өз жолын дұрыс санайтын ағым өкілдері мешіттегі имамның уағызына құлақ аспады. Діни жоралғыны басқаша орындады. Осы тұста құқық қорғау мекемелерінің қайда қарап отырғаны белгісіз. Бұл жағдайдың баспасөзде көтерілмегені бәзбіреулер үшін де тиімді болды. Ал жастар мен ішкі саясаттың айналасында жүргендер аз-мәз жетістігін айтып, жоғарыға есеп бергеніне мәз. 2011 жылы Ақтөбенің Темір ауданында болған қарулы қақтығысты ел әлі ұмытқан жоқ. Ал Сирияға соғысуға кетіп жатқан жастармен атқамінерлер жұмыс жасады ма екен? Ақтөбедегі сойқаннан сабак алмаған сияқтымыз.

 Даниал МАЙЛЫБАЕВ 1975 жылы туған, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметкері, майор	 Берікхан ҚАЛИЕВ 1978 жылы туған, әскери қызметші, кіші сержант	 Сапар ДОСБОЛ 1997 жылы туған, әскери қызметші, қатардағы жауынгер	 Николай ОНИЩЕНКО 1947 жылы туған, зейнеткер	 Андрей МАКСИМЕНКО 1972 жылы туған, «Паллада» дүкенінің сатушысы	 Михаил МАТРОСОВ 1981 жылы туған, әрлеуші- шебер	 Мерхан ТӘЖІБАЕВ 1983 жылы туған, «Жедел күзет» қызметкері
---	--	--	---	---	--	--

Ақтөбедегі барлық мешітте қаза болғандарға Құран бағышталды



ТҮЙІН

Үкімет діни секталарды еркіне жіберіп қойды.

Түрлі тақсырлары мен пірлерінің уағзын ғана мойындайтын көбейді. Осының кесірінен қоғамға іріткі салып, Сирияға барғысы келетіндер көбейді. Кетуі әкйілеп кетті. Елбасы Ақтөбедегі терактіге байланысты мәлідеме жасады. Президент «Кез келген сипаттағы экстремизм мен терроризмге қарсы заңдарды қайта қарап, бұл құбылысқа қатаң тойтарыс беру жайын ойластыруымыз керек», — деді. Мемлекет басшысы «хақымыздың қауіпсіздігі мен тұтастығы үшін бәрине де дайын екенімізді көрсететін кез келгенін, — атап өтіп. «Қауіпсіздік пен тұрақтылық, бейбітшілік пен келісім — ең басты байлығымыз. Біз тәуелсіздігіміздің тірегі болған бұл құндылықтарды көздің қарашығындай сақтаймыз. Ақтөбе қасіреті бірлігіміз бен ерлігімізге сын болды. Ақтөбе оқиғасы — бәрімізге ащы сабақ болуы тиіс. Еліміз, жеріміз аман болсын! Енді көк туымыз еңкеймегей!», — деді.

Асқар АҚТІЛЕУ,
Елдос ӨМІРЗАҚ,
Ақтөбе

Жедел сұхбат

— Мұхтар аға, Сізге екі-ақ сұрақ қойғалы отырмын. Оның бірі тікелей өзіңіздің ақындық ұстанымыңызға байланысты. Айтыс ақындарының көшін бастап келе жатқан Жүрсін Ерман Алматы телеарнасының «Өткір тіл» бағдарламасына берген сұхбатында Шахановтың «Абайдан Махамбетті биік қоямын» дегеніне мүлде келіспеймін» деді. Осыған орай ғаламторда «Жүрсін Ерман Мұхтар Шахановты сынап тастады» деген шағын мақала жарияланып, сіздің тоңірегіңізде



әрқилы даулы әңгімелер туындады. Бұған не дейсіз?

— Иә, Жүрсін Ерманнан мұндайды күтпеп едім. Менің «Ақындықтың міндеті мен азабы» атты өлеңімде мынадай жолдар бар:

«Өлең құрау — ақындықтың көп қырының бір түрі.
Тек сол үшін оны ардақтау — жөнсіздеу һәм күшкілі.
Дәуіріне, билігіне саналғанмен алымды,
Ұлтын сатқан ақындар бар, бірақ жырғы дарынды...

Нағыз ақын әр кезеңде өзін қағып үлестен,
Ұлттық рухы мүдде шыңы — шыңдық үшін күрескен.
Шындық кәусар ақындыққа болу керек асыл ән,
Шындықты айтып ер Махамбет айырылған басынан.
«Ақындар аз сын сағатта сөзден ісі зорайған»,

Мұхтар ШАХАНОВ:

Шындық қалың арпа ішіндегі бір бидай

Десек-тағы «Абай қашан жол іздепті онайдан?»
Ел, ұлт жайлы сырларымен,
Жыры биік тұрғанымен,
Ісі үшін мен Махамбетті биік қоям Абайдан!
Бұл ақындық ұстанымым қалыптасқан талайдан...

Жиі айтып жүрген бір әңгімеме тағы да бет бұрайын. Мәселен, Қазақстан Жазушылар одағының 800-ден астам мүшесі бар. Сонша көп мүшенің елдік, ұлттық, тілдік мүдде күресінде бізбен оншақтысы ғана бірге екен. Қалған қаламгерлердің бәрі дерлік өлеңдерінде, мақалаларында «ұлтты, тілді, рухани құндылық-тарымызды сақтау, тіпті сол үшін күресу қажет екендігін» жазады. Ал іске келгенде көпшілігі үстелінің астына кіріп, жасырынып қалады. Өкінішке қарай, қарапайым халықты былай қойғанда, ақын-жазушылардың арасында да сөзі бір бөлек, ісі бір бөлек адамдар қаптап кетті.

Шындығы жоқ пенделерді басар уақыт көшкіні.

Даңққа мойынсозғанымен,
Том-том өлең жазғанымен,
Шындығы өлген ақындардың ақын емес ешбірі!
Шындығы өлгенмін есзідік болмақ кімнің мақтаны?
Қазір барлық салаларды мінезсіздер қаптады.
Басшыларға жағымпаздық бұл кезеңде дара күш,
Содан ақынсымақтардың көбі «туфли жалағыш».

Сондықтан да мен жана ұстаным жарияладым: «Кім шындығын жоғартып алса, кім «ақты — ақ, қараны — қара» деп айта алмаса, яғни сөзі басқа, ісі басқа болса және елдік, ұлттық мүддеге терең тамыр жібере алмаса, оның ақындығы да жазушылығы да, ғалымдығы да көк тиын».

Менің осы ұстанымым бірнеше мемлекетте, атап айтқанда, Қырғызстанда, Әзірбайжанда, Англияда, Түркияда үлкен деңгейде қолдау тапты. Өткен жылы Қытайдың Шанхай қаласында 29 мемлекеттің ақындары қатысқан поэзия фестивалінде, әлгі ұстанымды жария еткенімде, жиналған халық тек маған ғана, орындарынан тұрып қол соқты.

— Сіз қырғыз елінде 10 жыл қатарынан Қазақстан Республикасының Төтенше және өкілетті елшісі болып қызмет атқардыңыз. Қырғыздың Манастан кейінгі бүкіл әлем мойындаған даңқты перзенті Шыңғыс Айтматовпен бірлесіп «Құз басындағы ащының зары» (Ғасыр айрығындағы

сырласу) атты эссе, «Сократты ескеру түні» атты драма жаздыңыздар. Бүгінгі таңда бүкіл қырғыз елі сізге үлкен құрметпен, сеніммен қарайды. Жуырда Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлының «Мәскеуде қырғыз қыздары дәретхана жуып жүр» деген сөзін кейбір қырғыздар теріс бағытқа бұрып, қырғыз басылымдарында едәуір қығаш пікір тудырды.

— Өкінішке қарай, қырғыздың үш басылымы маған да телефон соқты. Оларға мен: «Қазіргі материалдық байлық бірінші орынға шыққан күнкөріс заманында Мәскеуде де және басқа қалаларда да, сан түрлі қиын жағдайда жүрген қырғыздың да, қазақтың да, өзбектің де қыздары аз емес екендігін ұғындырдым. Министр Арыстанбектің қырғыз бауырларымыздың әлеуметтік жағдайына алаңдаушылық білдірген бір ауыз сөзін іліп әкетіп, гу-гулетте теріс түсіндіріп жүргендерге тосқауыл болуымыз керек. Менің мынадай өлеңім бар:

«Шындық кейде қалың арпа ішіндегі бір бидай,
Неге әділдік күресінде жұрттың көбі «Тымпибай»?
Рухсыздыққа кім шын мінез көрсетпесе қырғидай,
Ондайлардың бүгінгі аты «Ырбиқұл» мен «Жырбибай».

Сондықтан мәдениет министрінің бұрмаланған пікірін кейбір «Ырбиқұлдер» мен «Жырбибайлардың» жел сөзінен қорғап қалу азаматтық міндетіміз емес пе?

Сұхбаттасқан
Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ



«ЖАС ҚАЗАҚ» КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Ұлт мақтанышы

Берік
Сұлтан:
Қанат

аға, елге кош
келдініз! Әр қазақ сіздің жекпе-
жегіңізді жібермей көреді. Әңгімеміздің
әлқиссасын Хуан де Анхельмен
кездесуіңізден бастасак. Естуімізше,
қиын кездесу болған сияқты. Неге Хуан
де Анхельді басқа қарсыластарыңыз
секілді 1-2 раундта құлатпадыңыз? Осы
туралы айтып берсеңіз?

Қанат Ислам: Менің жанкүйерім
болып, әр кездесуімнің көрсетілуіне
аянбай тер төгіп, қазақтың мүддесі
үшін жұмыс істеп жүрген қазақ
журналистеріне алғыс білдіремін.
Қазақтың туын көтеретін бізден де
мықты жігіттер көп болсын! Әр жекпе-
жек маған онайға соқпайды. Бұл жолғы
кездесудің қиындығы, шынын айтқанда,
Анхельдің бапкері мені бір жылдай
жаттықтырған болатын. Кейіннен сол
жаттықтырушы Анхельді дайындағанын
естігенде қатты ашуландым. Кәсіпқой
бокста нешәтүрлі китүрқы әрекеттер
болады екен. Соның куәсі болдым.
Халықтың қаншама қолдауы, дұға-
тілектері арқылы күш аламын. Кейде
«Генаны тікелей эфирде көрсетеді, сені

«Бізде 35 жастан кейін «бокстан кетіп,
бапкер болу керек» деген түсінік бар. Кезінде
ата-бабамыз «менің жасым 70 таяп қалыпты.
Қолымдағы найзамды тастап, демаламын»
деп айтқан жоқ. Былғары қолғап киіп
қарсыласымызбен бокстасқанымыз, олардың
ерлігімен салыстырғанда баланың ойыны
сияқты». Жуырда ғана колумбиялық Хуан
де Анхельді нокаутқа түсірген Қанат Ислам
Алматыда алғашқы рет баспасөз мәслихатын
өткізіп, осылай деді. Бұдан бөлек, Америкаға
барып әлі күнге бір тиын таппағаны туралы
айтып берді. «Антиген» ғылыми-өндірістік
кәсіпорын директоры, Қазақ ұлттық аграрлық
университетінің профессоры, ұлт жанашыры
Нұрлан Ахмедсадықов Қанат батырға лайықты
құрмет көрсетіп, шапан жапты. Жүздесудің Бас
ақпараттық қолдаушысы – «Жас қазақ» ұлттық
апталығы. Ал 21 кездесу өткізіп, 18-ін нокаутпен
жеңген боксшымен кездесуді ұйымдастыруға
журналист, блогер Берік Сұлтан мұрындық
болды.

ұсыныс тастады. Бірақ көбісі бас тартып
отыр. Кейбірі спаррингке шақырды.
Алайда промоутерім «өзімізді құпия
ұстағанымыз жөн», — деді. Алдағы тамыз
айына жарыс ұйымдастырылып жатыр.
Мен соған дайындалудамын. Сондықтан
әрбір күн, әрбір уақыт мен үшін қымбат.
Ең мықты деген боксшыларға шақырту
жіберілуде.

Берік Сұлтан: Сіз Қытайдың мектебін
көрдiңiз. Одан кейiн Қазақстанға да
келiп жаттықтыңыз. «Астана Арланста»
капитан болдыңыз. Талай жеңiстiң
куәсi болдық. Ендi АҚШ мектебiндесiз.
Айырмашылығы мен кемшiлiгi туралы
айтып берсеңiз?

Қанат Ислам: Мен Қытайда дүниеge
келiп, сонда өскенiммен алғашқы
бапкерiм — Дамир Бұланбеков. Кейiннен
Кенес Нұрғали, Ғалым Кенжебаев
сынды ең мықты ұстаздардан тәлiм
алғаным үшiн «өзiмдi бақыттымын»
деп есептеймiн. Сол мектептен тәрбие
алғандықтан, әлемдiк аренада жақсы
нәтижеге қол жеткiздiм. Қазақстанда
күрес пен бокстың дамығанын бiлесiздер.
Сол сияқты Америкада кәсiпқой бокс
әлдеқайда дамыған. Олимпиада сол
кәсiпқой боксқа өтер алдындағы мектеп
ретiнде саналады. Бiзде Олимпиада
бокстың шыны ретiнде қабылданады.
Бiздегi боксшылар Олимпиада чемпионы
болса, кейiн өзiн-өзi жоғалтып жатады.
Бұл жерде бiздiң елдiң менталитетiнiң де әсерi бар
деп ойлаймын. Оның үстiне кәсiпқой бокс туралы



онша бiле бермедiк. Бұрын бiзге Мұхаммед
Әли, Майк Тайсон ертегi кейiпкерi сияқты
болатын. Кейiн кәсiпқой боксқа келгенде Майк
Тайсонды көрiп, оның да адам екенiне көзiм
жеттi. Бiз бұрын Олимпиададан ары қарай көре
алмағанбыз. Мұхтархан, Ермахан, Мырзағали
Айтжанов ағаларымыз кәсiпқой боксқа өткенде
«елiмiздiң аты әлемдiк бокс аренасында
шарықтайтын едi», — деп ойлаймын. Себебi
солардың кезiндегi қарсыластары ең мықты
кәсiпқой боксшылардың санатында.

Берік Сұлтан: Бізде мынадай бір түсінік бар.
Әрі кетсе, 35 жастан кейін бокстың спортты

Қанат Ислам:

Олимпиададан арғыны көрмейміз



неге елемейді», — деп жатады.
Генаның кәсіпқой бокста
жүргеніне 10 жыл болды. Маған
үш жыл. Бүгінгідей жетістікке жету
үшін Гена талай қиындықты көрді.
Германияда соттасты. Осыдан
кейін «Головкинге жасалған
құрметті маған көрсет деу әбестік
болады», — деп ойлаймын. Әр
нәрсенің өз денгейі, сапасы бар.
Сол сияқты менде 3-4 жылда
осы кәсіпқой бокстың қиын
кезеңінен өтіп келемін. Соңғы
кездесуде Анхель менің әрбір
қимылымды, іс-әрекетімді біліп
алған. Мен де жекпе-жекке шығар
алдында оның кездесулерінің
бейнеленуіне қарадым. Сол
кезде жаттықтырушыларымның
өзі оны 1-2 раундта құлата
алмайтынымды айтқан еді. «Бұл
қарсыласты шаршатып барып,
жеңбесек болмайды», — деді.
Кездесуде де байқағаным, ол
осал емес. Оның да соққысының
салмағы едәуір. Жұдырықтаса
жүріп, қарсыласының осал тұсын
таба білуің керек. Байқасам, оның
білек жағы күшті екен де, бірақ
аяғымен ақырын қимылдайды.
Сол үшін оны көбірек жүргізуге
жұмыс жасадым. Салмағы ауыр
адам егер 2-3 соққысы тура
тимесе, шаршай бастайды. Кездесу
барысында оның шаршағанын
көргенде, іштей қуана бастадым.
Өздеріңіз қуа болдыңыздар,
сондай бір қызықты бокс болды.
Алдағы уақытта бұдан да қиын
кездесулер болады. Сол себептен
қандай қарсылас болмасын, мен
барынша дайын жүрмін керек.

Берік Сұлтан: Көптің көкейінде
жүрген сұрақ. Келесі жекпе-жегіңіз
қашан болады, қарсыласыңыз кім?
Осы мәселе қалай жоспарланып
жатыр?

Қанат Ислам: WBA тұжырымы
бойынша мен 5-орында тұрмын.
Ал осы тұжырым бойынша
алғашқы ондыққа кірген
боксшылар чемпиондық атаққа
таласа алады. Осы салмақтағы
үздіктердің дерлік барлығына

ЗАЛДАН СҰРАҚ



АМЕРИКАДАН БІР ТИЫН ТАУЫП КӨРМЕППІН

— Кіммен қарсылас болғыңыз келеді?
Осыны тізе бүктірсем деген боксшы бар ма?

Қанат Ислам: Мықтыны жеңбесен,
мықты болмайсың. Сондықтан да менің
промоутерлерім, жаттықтырушыларым
жақсы бір кездесу өткізуге дайындалып
жатыр. Егер сол чемпиондар жекпе-жекке
шығуға рұқсатын берсе, сол үздіктермен
ғана шыққым келеді. Бұрын Мейвезер,
Пакьяомен шыққым келетін. Олар
спорттан кетіп жатыр. Қазір Канелло
сияқты чемпиондар бар. Жалпы, олар
көп болғандықтан, атын тізбектеп отыра
алмайсың. Кез келген чемпионмен
қарсыласуға дайынмын.

— Кәсіпқой бокспен айналысқан Василий
Жиоров, Геннадий Головкин жаттығуын
шетелде өткізеді. Оған не себеп? Біздің елдің
бапкерлерінің тәжірибесі төмен бе?

Қанат Ислам: Жалпы жаттығу жағына
келетін болсақ, біздің елдікі де кем
түспейді. Қазіргі ұлттық құраманың бас
бапкері Нұрғали Сафиуллин бізді қатты
қинайтын. Сол жаттықтырушымыз
«Қанат сендердің қиналғандарыңды
көрсем, рахаттанамын», — деп айтатын.
Қазір Америкада жаттығып жүрмін.
Бірақ дәл сол кездегідей қинаған жоқ.
Біздегі боксшылардың барлығы ондай
қиындықтан өтті. Тек кәсіпқой боксқа



тәрбиелейтін
орта болмай тұр.
Алдағы уақытта
мақсатым —
Америкадан
білген-түйгенімді
осында
жалғастыру.
Арттан келе
жатқан інілерімізді
дайындауға
атсалысамын
деген ойдамын.
— Америкаға
бейімделу жағы
қалай болуда?
Спорттан тыс
уақытыңыз қалай
өтеді?

Қанат Ислам: Жалпы, маған
Қазақстаннан басқа жерде тұру ыңғайсыз
сияқты. Қазақы жерде өсіп, тәлім-тәрбие
алған мен үшін шетелде тұру өте қиын.
Өзім үшін де, менің отбасым үшін де
қиын. Ал енді, ол жерде жұмыс болғаннан
кейін шынын айтқанда, бөріне шыдау
керек. Уақытымның басым бөлігі жаттығу
залында өтеді. Бос уақыт бола қалса,
ағылшын тілін үйренемін. Себебі көп
жерде ағылшын тілінде сұхбат беру керек.
Майами қаласында тұрғаным 3 жыл
болса да, өзім тұратын ауданнан шығып
көрмеппін.

— Бокстан басқа салаға кетуіңіз мүмкін
бе?

Қанат Ислам: Мен боксты тандадым.
Жиырма жыл осы саладамын. Түннің бір
уағында оятып алсаныз, бокс туралы айтып
бере аламын. Жана бір салаға барсам, көп
нәрсе білмеймін. Саясат, дін және басқа
да салаға барғым келмейді. Менің
жүрек қалауым ол — бокс. Тек
спорт саласында жұмыс істегім
келеді.

Отбасыңыз туралы айтсаныз?
Олар сіздің кәсіпқой бокспен
айналысқаныңызға қалай қарайды?
Америкада бірге тұрасыздар ма?

Қанат Ислам: Отбасым туралы
айтатын болсам, елге келгенде
шаңырақ көтердім. Қазіргі
танда төрт баланың әкесімін.
Олар елімізде тұрады. Басында
Америкаға апарып көрдім. Бірақ
мен 11 жасымнан жалғыз жүріп,
үйреніп қалдым. Уақытымның
басым бөлігі жаттығу залында
өтетінін жана да айтып өттім.
Оның үстіне олар менің қиналғанымды
көргенін қаламаймын. Спортшылар
жаттығу залында өздерін қалай
қинайтынын сыртқа білдіргісі келмейді.
Кей уақыттары тамақ ішпейміз. Оны
түсіне бермейді. Жүрегі ауырады. Марқұм
ата-анам да бір бокстасқанымды көрмеді.
Жалпы, жақындарыма қиындығымды
көрсеткім келмейді. Олардың саған жаны
ашыл, мейірімділік танытуы аса қажет
емес. Сол үшін жақындарым алыс болса
екен деймін. Чемпион деген атакты
арқалап жүрудің өзі азаматтық міндет.
Халық бізден үлкен үміт күтеді.
— Отбасыңыз сізге ренжімей ме?
Әрине, отбасым жырақта болғанымға
ренжиді. Әрбір бала әкесінің күнделікті

қасында болғанын қалайды. Алайда
уақыт келе менің отбасым да бәрін
түсінді. Қазір менің жарым боксшыға
қандай тамақ жеуге болады, қандай
болмайтынын жақсы біледі. Еліміздің
туын биікке көтеруге бар мүмкіндік
жасалды. Ол біз сияқты ер-азаматтардың
қолында. Ал әйелдің міндеті ошаққа
ие болып, бала-шағаға қарау.
«Ренжіменіңдер, осы жолы әйелім
жібермеді», — деп жарысқа бармау ойға
қонымсыз. Отбасынның мәселесін шеше
алмасан, түсіндіре алмасан, сыртқа
шығып жұмыс істеудің қажеті жоқ.

— Америкаға кәсіпқой бокстан ақша
табу үшін бардыңыз ба?

Қанат Ислам: Менің мақсатым
— дүние табу емес. Олай болатын
болса, Қазақстан мен Қытай арасында
сауда жасап, кәсіпкер болып кетуге
мүмкіндігім бар еді. Америкаға кетуімнің
себебі қазақтың атын шығарып, белгілі бір
дәрежеге жету. Ол жакқа баруым бала күнгі
арманымның жалғасы. Әлі күнге дейін бір
тиын тауып көрмеппін. Ел «Америкаға
ақша табу үшін келсе, қазақтар келіп, ақша
төгіп жатыр», — деп танқалады. Біздің ұлтқа
қазір мақтанатын азаматтар керек. Маған
елге келгенде Бауыржан Оспановтың
қойып берген жалақысы бар. Сол менің
қазіргі бар табысым. Маған дүниеден
бұрын жеңіс қымбат.

— Сіздің боксқа келуіңізге кім себепкер
болды?

Қанат Ислам: Менен ағам Ерлан
спортқа өте жақын болды. Көзімді ашқалы
спортпен айналыстым десе болады. Бұл
негізі, ағамның арманы. Ол бала күнімнен
чемпиондардың кездесулерін көрсететін.
«Қанат өскенде чемпион болады», — деп



айтатын. Ол жақсы оқитын болған соң
бағытын спортқа емес, білімге бұрды. Ал
әкем менің имам болғанымды қалады. Өзі
де молла болған. Десе де ағамның арманы
жүзеге асты.

— Сізді қазақтың ер-азаматы ретінде не
толғандырады. Қазақ жігіттері қандай болу
керек?

Қанат Ислам: Жігіт-жігіт болуы керек.
Әрбір азамат өзінің отбасына, жарына
жауапты болуы тиіс. Ең бастысы, өзіне
жауап беруі керек. Арақ ішіп ананы-
мынаны әңгіме етіп жүрген жігіттерді
көргенде қатты қынжыласын. Әр адам өз
ісіне жауапты болу керек. Жігіт адам сылтау
айтпауы тиіс. Қателестің бе, ешкімге кінә
артпа. Ер адам өзіне мықты болғаны абзал.

қойып, жаттықтырушы
болу керек. Сіздің
жасыңыз 32-ге таяп қалды.
«Қанаттың да уақыты келіп
қалыпты-ау», — дегенге не
айтасыз?

Қанат Ислам: Енді
әртүрлі сөз айтылады.
Қазақ айтады ғой «ит
үреді, көш жүреді», — деп.
Кезінде ата-бабаларымыз
70-ке дейін жауға шапқан.
30 жастан кейін «Болды
соғыспаймыз», — деген
жок. Өзінді шалтын десен,
солай болады. Америкада
елу жасқа дейін жекпе-
жекке шыққандар бар.
Қазіргі таңда елімізде
әуесқой бокс қатты
дамыған. Алайда күніге
жаттығу, күніге бокстау
адамды шаршатып
жібереді. Оның үстіне
бізде спорты бір жеңілсе,
қайта көтерілмейтіндей
түсіріп тастаймыз. Олай
болмайды. Жастардың
басым бөлігі кезінде
ата-бабамыздың атқа
мінip жауға қалай қарсы
шапқанын білмейді. Себебі
кітап оқымайды. Олардың
ерлігіне қарағанда, біздің
айналысып жүргеніміз
баланың ойыны сияқты.
Мен 4-5 рет Олимпиадаға
қатысқан боксшыларды
білемін. Аяғына ота
жасалып темір салынса да,
қарсыласын жеңді. Мен
екі рет қатыстым. Әлі де
қатысуға денсаулығым
бар. Адамның өзінің
мүмкіндігіне байланысты,
ешнәрседен қашпау керек.

Берік Сұлтан: Менің
тарапымнан соңғы сұрақ.
Өткен жолы тікелей
эфирде «Бауыржан аға,
Сізге рахмет» дедіңіз. Бұл
жалпы әр кездесуіңізден
кейін айтатын сөзіңіз.
Бауыржан Оспанов
деген кім? Кейбіреулер
туысқаны, ағасы екен деп
жатады.


Қанат Ислам:
Қазақстанға алғаш рет
келген кезімінен күтіп алып,
«не жоспарын бар?», — деп
сұрап көмек қолын ұсынған
жанның бірі. Ұлттың
тұлғасы, ұстазымдай үлгі
тұтамын. Отбасымен де
бірге араласып кеттім.
Тіпті балаларының қазақи
тәрбиеленгенін көріп
қатты қуандым. Осындай
ұлттың болашағын
ойлайтын ағаларымыз көп
болса, қазақтың туы көкте
желбірейді деп сенемін.

Дайындаған
Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ

Ғасыр
саңлағы

2005 жыл. Америкадағы мұсылмандар туралы деректі фильм түсіріп жүргенде Детройтқа соққанбыз. «Автокөлік астанасы» атанған шаһардың шетінде Дирборн деген кішкентай кент бар. Атақты Форд зауыты осында. Біраз мұсылман сол кәсіпорында. Білім алып, қызметте жүргендер де бар. Солардың бірі үйіне шақырды. Атасы мен әжесі баяғы заманда Йеменнен көшіп келген. 11 жастағы немересі Мұнасыр киген киімі, шаш қойысымен нағыз American boy (американдық жасөспірім). Бізбен шаруасы жоқ. Екі көзі теледидарда. Мұхаммед Әли туралы фильмді көріп отыр екен.

— Бокстан жалықпайды — деп шешесі күлді. Ал әкесі: Бұлардың бәрі спортта Мұхаммед Әлиді пір тұтады — дейді. Детройтта тағы бір әйгілі боксшының құрметіне орнатылған алып жұдырық -ескерткіш көргенбіз. Сол еске түсіп: — Джо Луис ше? Ол да мықты болған ғой. — дейміз. Бала бұл сөзімізді жақтырмаған кейіппен: — Жоға, бәрібір оған (Мұхаммед Әли) ешкім жетпейді, — деп қысқа қайырды. Мұхаммед Әлидің өшпес рухымен, ерен ерлігімен өскен біздің кейіпкеріміз секілді миллиондаған американдықтар бүгінде аза тұтуда. Ол бұдан 74 жыл бұрын Кентукки штатындағы Луисвилл кентінде дүниеге келді. Әкесі көшедегі мандайшаны бояушы, шешесі еден жуатын. Сәбиге құл саудасына қарсы шыққан Кассиус Марселлус Клейдің есімін берді. 12 жасқа толғанда бүкіл баланың арманы — велосипед мінді. Бір күні сол сүп-сүйкімді қызыл «атын» біреулер айдап кетеді. Ашуға булыққан бала полиция бөлімшесіне барды. Ұрыны табуды талап етті. Тәртіп сақшысы оған «Бокспен айналыссаң ғой, ешкім велосипедіңе тиіспейтін еді. Демек



сеннен қорықпайтын болып тұр ғой» — депті. Полиция қызметкері бокспен айналысатын болып шықты. Сөйтіп, Кассиусты өзі жаттығатын залға ертіп барды. Осылайша бокс оның өмірін арбаған сиқырға айналды. Жаттығуға асыққаны сонша, кейде автобуспен жарысатын. Әуесқой бокста тез өрледі. Өзіне тән жұлдыздықтың мәнері қалыптастырады. Қолын кіндік тұсына жіберіп, денесін ашық ұстайды. Қарсыласын шыр айналып, соккы дарытпайды Мұнысы классикалық үлгіге теріс. «Көбелек секілді жылдам ұшып, ара сияқты шағып аламын» дейтін өзінің бокстасу мәнері жөнінде. Ол 14 жасында «Алтын қолғапты» иемденеді. 167 кездесу өткізіп, небәрі 6 рет жеңіліс табады. Бұл оның рингтегі бірінші рекорды. 18 жасында Рим Олимпиадасына барды. Ширек финалда орыс Геннадий Шатковты, ал актық сында поляк Збигнев Петшиковскийді тізе бүктіріп, алтыннан алқа тақты. Бұл оның өміріндегі ең бақытты шақ еді. Туған қаласы оны қошеметпен қарсы алды. Балаларға үлгі-өнеге ретінде көрсеткісі келді. Олимпиададағы жеңісі үшін берілген 2 мың долларға ескі «Кадиллак» сатып алады. Қартайған әке-шешесін мінгізіп, қаланы аралайды. Ол алтын металін үнемі тағып жүретін. Тіпті сонымен ұйықтайтын. Бір күні Огайо өзеніне лақтырып жібергенге дейін. Бұған АҚШ-тағы нәсілшілдік саясаты себепкер болды. Мейрамханаға барғанда даяшылар оған қызмет



— Мені дұрыстап тында. Орманда арыстан арыстанмен, жолбарыс жолбарыспен, қызыл құс қызыл қызыл күспен жүреді. Түр-түсі өзіне ұқсайтын кісімен бірге жүру адамның да табиғатында бар. Мені көргісі, қаламайтын жерге барғым келмейді» — деп жауап береді. Мектепте үлгерімі нашар болса да, оның дүниетанымы кен, сөзге шешен еді. Содан болар, баспасөз өкілдері, әсіресе, дінге тиісіп, қыршанқы, арандату мазмұндағы сұрақ қойғанда өткір, дәлелді де дәйекті жауап алып, аузына құм құйылатын. 2001 жылғы қыркүйек қастандығының жаңғыры басылмай

көрсетпей қойды. Ол Американың намысын қорғағанын айтып, дәлел ретінде металін көрсетеді. Ешкім мізбақпайды. Сондағы уәж біреу. «Мұнда тек ақ нәсілділер тамақтанады». Қатты қорланған чемпион алтын жүлдені суға тастайды. Бәлкім, сол сәтте бала кезінде бір оқиға еске түскен шығар. Бір күні қатты ыстықта шешесі кафеге кіріп, баласына бір жұтым су беруді өтінеді. «Қаралар, аулақ жүріңдер» — деп қуып шығады. Міне, осы оқиғадан кейін оның нәсілшілдік пен кемсітуге қарсы рингтегі күресі басталды. Спорттағы әділеттік арадан 36 жыл өткенде

РИНГ ӘМІРШІСІ

Даңқты боксшы МҰХАММЕД ӘЛИ артында өшпес

із қалдырды

қайта орнады. Атланта Олимпиадасының алауын жакқан Мұхаммед Әлиге өзі суға лақтырған медальдің көшірмесі табыс етілді. Кәсіпқой боксқа тым ерте келді. 22 жасында атакты Сонни Листонмен қолғап түйістірді. Ауыр салмақтылар арасында әлем чемпионы болаттай берік, жебедей жылдам жас спортшыға төтеп бере алмай, алтын кемерді жана жұлдызға беруге мәжбүр болды. Сол жылы мұсылмандыққа бет бұрады. Енді ол Кассиус Клей емес, Мұхаммед Әли. Мұндай шешім қабылдауға қоғам қайраткері Малколм Х пен Детройтта түп-тегі африкалықтар құрған «Ислам ұлты» қозғалысы ықпал етеді. Ақ нәсілділер билейтін Америка мұны құптай қоймады. Журналистердің «Бұлармен қалай байланысып жүрсің? — деген сауалына:



тұрғанда CNN тілшісі оған мынадай қитұрқы сауалды көлденен тартты: — Осындай зұлымдықтың жасалуына себепкер болған террористермен бір діннің өкілі ретінде қазір қандай күйдесіз? Жауап міндетін оғындай: — Сіз Гитлермен бір діннің өкілі ретінде қандай күйде болсаңыз, мен де сондаймын. Сөйтіп жүргенде Вьетнам соғысы басталды. Ол қантөгіске барудан бас тартты. «Вьетнамдықтар маған ешқандай жамандық жасаған жоқ. Тіпті мені кемсіткен де емес. Олармен не үшін соғысамын» — делі. Жан-жақта үстемдік құруға ұмтылған Америка билігі мұны кешірмеді. Чемпиондықтан айырып, бокс лицензиясын, басқа елге кетіп қалмасын деп паспортын тартып алды. Айыппұл ретінде 10 мың доллар төлейді. Күнкөріс қиындағанда университет аралап, ақилы конференцияларға қатысады. Шешендігінің арқасында нопақасын айырады. Вьетнам халқы оның осы ерлігін ұмытпады. Арала бірнеше жыл өткенде полиция қызметкерлері өзіне қол жұмсауға талпынған тегі вьетнамдық жас



COMMENT ЖҚ 5

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



жігіттен қандай талабы бар екенін сұрады. «Тілегім біреу. Мұхаммед Әли келсін» — делі. Полицияның бас қатты. Аты аңызға айналған спортшы кім екені белгісіз біреу үшін қайдан келсін? Бірақ Мұхаммед Әли келді. Әлгі жігітпен сөйлесіп, райынан қайтарды. Оның «Бір адамның өмірін сақтап қалу маған бірнеше чемпион болудан әлдеқайда қымбат» — деген сөзі тәмсілге айналды. 1970 жылы сотта өзін ақтап, боксқа қайта оралды. Бұл жат жердегі соғысқа қарсы халықтың наразылығы күшейе түскен кез. «Вьетнам біздің демократия мен бостандыққа зәру емес. Әскер қайтарылсын!» — деген талап қаттырақ естіле бастады. Алғашқы кездесуде Джо Фрезерден жеңіліп қалды. Содан кейін Кен Нортонға ұпай санымен есе жіберді. Мамандар оның спорттағы жолы аяқталғанын айтып жатты. Алайда рингке қайта шығып, қарымта кездесудің бөрінде басым түсті.

1974 жылы Жорж Форменді сегізінші раундта нокаутқа жіберіп, чемпиондық атакты қайтарып алды. Ал 1978 жылы Леон Спинксмен екі рет жұдырықтасты. Алдымен жеңілді. Екінші кездесуде қарсыласын айқын басымдықпен тізе бүктірді. Сөйтіп, спорт тарихында үш дүркін әлем чемпионы атанған алғашқы боксшы ретінде қалды. Тек сайыпқыран спортшының есімін ғана Голливудтағы «Даңқ сокпағында»

(Walk of Fame) қабырғадан оқи аласыз. Ал екі мыңнан астам өзге жұлдыздардың аты-жөнін жерден жазулы тұр. Мұнын себебін өзі былай түсіндірді. «Мен пайғамбардың есімін алдым. Сондықтан аты-жөнім табан астында жатқанын қаламаймын». Ол саясатпен айналысқан жоқ. Алып державалар оны өз мүддесіне пайдалануға тырысты. Сол максатпен оны 1978 жылы Кеңес Одағына шақырды. Кремль социализмді тек бейбітшілікті қалайтын, адамға керектінін бәрін қамтамасыз еткен «жұмақ» деп көрсетуге тырысты. Мемлекетте «Діни сенімге шектеу жоқ» деп, мәртебелі мейманды Ташкент пен Самарқандағы мешіттерге апарды. Кеңестік жүйенің тек жылтыраған жағын көріп, тәнті болғанын жасырмады. Бірақ көп өтпей, оның астарында екіжүзді, сұрқия саясат жатқанына көзі жетті. КСРО әскері Ауғанстанға басып кіргенде қарсы тұрып, үзілді-кесілді айыптады. Ауған бауырларына көмек қолын созды. 1990 жылы Иракта одақтастар әскері тұтқынға түскенде Мұхаммед Әли қаймықпай Бағдатқа барды. Садам Хусейнмен кездесіп, 15 американ әскерін құтқарды. БҰҰ оны «Бейбітшілік елшісі» деп жариялады. 80-жылдардың ортасына таман ол Паркинсон дертіне шалдықты. Соған қарамастан ол өрқашан халықтың арасында болды. Әділет үшін күресіп, ауру-сырқау, жок-жігітке, мүсепір-міскінге қол ұшын берді. Бірде бокстағы жетістігі үшін алған гауһар жүзікті көшедегі мүгедек сәбиге қызға сыйлады. Қайырымды, сауапты ісін Алла жолындағы азаматтың парызы санаған.

Ертен күллі Америка мен иісі мұсылман қауымы көзі тірісінде аңызға айналған ұлы тұлғаны актық сапарға шығарып салады. Қаралы жиында АҚШ президенттері арасында Ақ үйде тұңғыш ауыз ашар берген Билл Клинтон сөз сөйлейді.

Срайыл СМАЙЫЛ

БАЙЛАНЫС

Әл Фараби Қытайда зерттелуде

Қытайда тұңғыш рет қытай тілінде «Әл Фараби және қазіргі заман» атты оқу құралы жарық көрді. Енді Аспан асты еліндегі оқырман қауым, оның ішінде жоғары оқу орындарының студенттері Шығыстың ұлы философы мен ойшылы туралы оқып-біліп, оның шығармашылығы, өмірлік жолымен кеңірек таныса алады.

Алматыда Конфуций институттары консультациялық кеңесі мәжілісінің шеңберінде өткізілген осы кітаптың тұсаукесерінде Әл Фараби атындағы ҚазҰУ бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев бұл Ланжоу университетіндегі әріптестермен бірлескен жоба екенін жеткізді. Жобаның мақсаты — Әбу Насыр Әл Фараби мұрасын кенінен



тарату. Болашақта осы бағыттағы және Әл Фараби еңбектерін аудару жөніндегі жұмыс жалғасалы. «Қазақстан Қытайдың «Бір белдеу — бір жол» атты жаһандық жобаны жүзеге асырудағы стратегиялық серіктесі болып табылады. ҚазҰУ — бүкіл Орталық Азияда Жібек жолы университеттері Альянсының Хабы. Біз білім және ғылым саласында ҚазҰУ-мен жан-жақты ынтымақтастығымызды әрі қарай дамыта береміз», — делі Ланжоу университетінің проректоры Пан Бау Тиан. Қазіргі кезде Ланжоу университетімен тығыз байланыс орнатқан ҚазҰУ қос дипломды білім бағдарламасы аясында студенттердің академиялық алмасуын іске асырды. Сондай-ақ ғалымдар мен ұстаздар ғылыми конференцияға қатысып, бірлескен жобаларды жүзеге асыруда.

Аида АЙТБЕМБЕТОВА,
Әл Фараби атындағы
ҚазҰУ экономика және бизнес
жоғары мектебі «Экономика»
кафедрасының доценті

БАЙҚАУ

«Алтын қалам» шақырады

Бас редакторлар клубы Еуразиялық топтың қолдауымен қазақтілді журналистер арасында өткізілетін VI «Алтын қалам» шығармашылық байқауы өткізіледі.



Бұл байқауға республикалық және өңірлік басылымдардың, теледидар, радио және интернет басылымдарының журналистері қатыса алады.

Сайыстың мақсаты — қарапайым еңбек адамдарын бүгінгі бейбіт заманның қаһармандары ретінде үлгі етіп, насихаттау. Мансаптық жоғарылауға өз еңбегімен қол жеткізген, іскер де білікті мамандардың тәжірибесін жұртқа таныстыру. Жұмысшы мамандықтарды таныту.



Ал, әйтпесе!

Көкшетауда өткен жер комиссиясының отырысында Ақмола облысының әкімі Сергей Кулагин өзінің және туыстарының пайдаланып отырған ауыл шаруашылық жерлерінің көлемі 80 мың гектарды құрайтынын айтты.

Әкім Кулагиннің 80 мың гектар жері бар

Кулагинге пайдаланып отырған жер көлемі туралы сұрақты комиссия мүшесі Айдос Сарым мен Мұхтар Тайжан қойды. Облыс әкімі өз кезегінде «Бұл туралы бұған дейін бірнеше мәрте айтылып, жазылды. Мен биліктен кетіп, бизнесті қолға алған адамдардың бірімін. Мен бизнеспен 5 жыл айналыстым. Қазақстан азаматы ретінде менің жер алып, ауыл шаруашылығымен айналысуға құқығым болды ма? Болды! Әрине, мені билікке қайта келгеннен кейін, жерді туысқандарыма жалға бердім. Бүгінде барлығы 80 мың гектар егістік жерді пайдаланып отырмыз», — деп жауап берді.

8 миллион гектар жер тиесілі, қалғаны шаруа қожалықтарында. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің небәрі 82 мың гектары жекеменшікке берілген, қалған 99 пайыз жер уақытша ұзақ мерзімге беріліп отыр. Пайдаланылмай жатқан жер қанша? Өткен жылдары қурай басқан алқаптардың

көлемі есепке алынған. Бірақ түгел емес. Бұл мәселе әлі де толайым зерттеліп жатқанға ұқсайды.

Елдегі Есенбайдың тіршілігі осы болғанда қаладағы Қонысбектің көкейіндегі тұмшаланып жатқан мұратының мұңы бір басқа. Бірақ екеуінікі де бір арнаға тоғысатын тұмшаланған тілектен туындайды. Облыс орталығына көшіп келгеніне жиырма жыл өтсе де, үй салатын жер телімін ала алмай жүр. Келе сала қалалық жер бөліміне өтінішін беріп қойған. Бірақ үміті аз. Өйткені, облыс бойынша осындай кезекте жүз мың алты жүз отыз алты адам тұр екен. Жалғыз облыс орталығында ғана емес аудандарда да ащы ішектей шұбатылған кезек адым аштырар емес. Мәселен, Целиноград ауданында жер телімінің кезегінде 69147 адам тұрса, Бұрабай ауданында 4883 адам тұр. Көкшетау қаласында 11748 адам бар. Егер жылына ондаған немесе жүздеген жер телімдері беріліп жатса, Қонысбек өзінің кезегінің неше жылдан кейін келетінін есептеп шыға алар еді. Өкінішке қарай, кезек тас табандап жатып алған, жылжитын түрі көрінбейді. Осы қалпымен отыра берсе, Қонысбекке жер телімінің кезегінен бұрын ана жақтың кезегі ертерек келетін шығар.

Қонысбектің білімі шамалы. Шағалалы совхоз техникумын екі жыл іштей, сегіз жыл сырттай оқып әзер бітірген. Сондықтан, жер телімін берудің мұншалықты неге азапты шаруа екенін түсіне бермейді. Жалпы, Қазақстанда жер телімі неге мұншалықты мәселе болуға тиісті. Былай алып қараса, Көкшетаудан Зерендіге дейін жетпіс шақырым, Бұрабайға дейін алпыс шақырым тұсырап бос жатқан жоқ па? Егер қала әкімдігі электр қуатын тартып берсе, басқасын пәтерсіз жүрген халықтың өздері-ақ реттеп алар еді. Сонда біреу үй салып, біреу материал сатып, күн көрмей ме? Қонысбектің ойынша жұмыссыздықты жоюдың ең төте жолы осы.

Байкал БАЙӘДІЛОВ,
Ақмола облысы



даланың да мұңы бір

Қылтып өскен көк өскін кара жердің бетіне өзімен бірге барлық бейнетті ала шығады екен-ау. Кара сораның тұқымын тұздай құртатын дәрі іздеп бір сандалды. Арамшөптің амалын тауып еді, құтты жоңғардың әскеріндей қаптаған шегіртке келді шырылдап. Ала жаздай алысып-ақ көрді, күзгі бейнеттің қатпары одан да қалың екен. Әп-әдемі өскен егінді уақытында орып алайын десе, комбайны жоқ. Жұрт алып

болсын, содан соң біреулерді жалдармын деп ойлаған. Жұрт алып болғанша қар жауып кетті. Сөйтіп, жаз бойы жанын жеген еңбегі еш болып, айнала қарыз болып қалды. Қорасындағы бар малын сатып, қарызынан құтылғанымен, баласының сүйегін сындыратын сөз қалды. Ауылдың адамдары жиын-той, бата оқырда отырып, «әлгі Есенбай егін еккен жылы» деп сөйлейтін болды. Осы жері жанына батып жүр.

Басқа амал таппаған соң, еншісіндегі жүз жиырма гектар жерді көрші ауылдағы шаруасы оңға басып тұрған фермерге жалға бере салған. Рахат, тіпті. Енді Есенбайдың егін егемін деп басы ауырмайды. Жиын-терім аяқталған соң беліне бесік қабын қыстырып алып, жерін жалға алған шаруа қожалығының басшылығына аузын толтырып, сәлем беруге барады. Жиырма жыл өтсе де, елдегі Есенбайдың қазіргі күнкөрісі осындай.

Өткен жолы Көкшетау қаласында өткен жер туралы бір жиналысқа қатысқан болатын. Сонда естіді. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары құрылған бірқатар шаруа қожалықтары егін егемін деп есі кеткен Есенбай тәрізді емес, естерін жиып алған. Тағы да жер алайын десе, төнірегінде бос жатқан жер жоқ. Сондықтан жүздеген мың гектар жерді жалға алып отырған, алпауыттардан субарендаға алып әр гектарына үш-төрт мың теңгеден ақы төлейді. Сөйтіп, өздері егін екпейтін, жермен айналыспайтын жаңағыдай алпауыттар, тіпті саусақтарын қимылдаттастан, ауадан ақша жасап отыр. Есенбайдікі олардың жанында теңізге тамған тамшыдай ғана. Жалға алған жерлер толық игерілмейді де, күтілмеген соң, жаңа технология енгізілмеген соң, астықтың шығымы әр гектарына он центнерден айналады. Әйтеуір егін еге алмаған соң алқап басында шығып келе жатқан таңға қарап, батып бара жатқан күнге қарап қалың ойдың құшағына шомылатын Есенбай ойлаушы еді. Осы жерді игере алмай жатсақ, Өзбекстандағы анау Қытайдағы қалың қазақты неге көшіріп алмайды екенбіз деп. Олар бізге қарағанда жер емшегіні емудің ебін білетін адамдар ғой.

Жалғыз Есенбай емес, елдің бөрінің тірлігі ұқсас екен. Қазіргі Ақмола облысындағы жердің жеті санатын қамтитын барлық көлем 14 миллион 620 мың гектарды құрайды. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер 10 миллион 564 мың гектар. Мемлекеттік емес заңды тұлғаларға

Диқан Есенбайдың 120 гектар жері бар



Өнер

Алғысқа бөленген

«АЛТЫНАЙ»

Осы аптада Талдықорған қаласындағы І.Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында «Алтынай» мемлекеттік халық биі ансамблінің 30 жылдығы атап өтілді.

Шараға облыс әкімі Амандық Баталов қатысып, ширек ғасырдан астам тарихы бар өнер шаңырағын мерейтойымен құттықтады. Сонымен қатар өңір басшысы ұжым қызметкерлеріне Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттар, 2 пәтердің кілтін табыс етті. Жиын соңы мерекелік концертке ұласты.

Алматы облысындағы «Алтынай» мемлекеттік халық биі ансамблі 1985 жылы өнер зерттеушісі, тарихшы-этнограф Өзбекәлі Жәнібековтің ықпалымен пайда болды. Хореография училищесін бітірген түлектерден құрылған бұл ансамбльдің алдына қойған негізгі мақсаты — қазақ халық биін насихаттау болатын. Концерттік бағдарламасы тек қазақ халық билерінен құралған ансамбль көрерменнің көзайымына айналды.

Қазіргі таңда ансамбльдің негізін құрап отырған — еліміздің түкпір-түкпірінен келген жас мамандар.

Ұжымның репертуарында Ж.Байдаралиннің, еңбек сіңірген өнер қайраткері М.Тілеубаевтың, Г.Орымбаеваның, Қытай Халық Республикасының І-дәрежелі балетмейстер-қоюшысы Н.Тайырдың, Ольга Всеволодская-Голушкевичтің және т.б. қойылымдары бар. Сонымен қатар ансамбльдің бүгінгі күні қол жеткізген биіктеріне Тойған Ізімова, Үсен Мақан сынды би өнері шеберлерінің еңбегі зор.

«Алтынай» ансамблі облыс, республика көлемінде ғана емес, өз өнерін Вьетнам, Лаос, Бельгия, Оңтүстік Корея, Үндістан, Непал, Түркия, Италия, Пәкістан, Мексикада және де тағы басқа шетелдерде паш етіп, еліміздің би өнерін насихаттады.

2013 жылы ансамбль бишілері «ТМД елдері гуманитарлық ынтымақтастығының



мемлекетаралық қорынын» қолдауымен жыл сайын «Достастықтың мәдени астанасы» айдарымен өткізілетін мәдени шара шеңберінде Әзірбайжанда «Габала-2013 жылы Достастық мәдени астанасы» атты гала-концертке қатысып, мыңжылдық тарихы бар көне Габаланы жеңісімен құттықтап, өз өнерін тарту етті.

Ансамбль ЮНЕСКО-ның мәдениет, білім саласындағы бағдарламаларына қолдау көрсеткені үшін, мәдени мұраны сақтау жолындағы әрекеттері үшін «Алғыс хатымен» марапатталған.

2014 жылы «Аймақтар алааманы» республикалық телебайқауында облыс намысын қорғап, жүлделі II орынға ие болып қайтты.

Қазіргі таңда ансамбль репертуарында 70-ден астам би мен би қойылымдары бар. Ансамбль — еліміздегі «мемлекеттік» деген атағы бар үш ұжымның бірі. 2015 жылдан бері ансамбльдің көркемдік жетекші қызметін мәдениет саласының үздігі Гүлмира Смағұлова атқарып жүр.

Руслан ДОСТАЕВ

Тағзым



Менің пайымдауымша, қазақтың поэзиясы деп аталатын айдынды да айбынды әлемнің еңселі тұғынан ойып тұрып өз орнын алып, берік орныққан Есләм Зікібаев ақын көзі тірісінде бағасын алмай өтті. Оның әсіресе соңғы жылдарда өндірте де өтімді етіп жазған өлеңдері қалың оқырмандарының талғатпаз эсхректеріне жол тауып жатқанымен өз әріптестері мен сыныпшылар тарапынан қуатты қолдау, «э, бәсе» дейтіндей қоштау байқала бермегендігі ақиқат. Бұл, әрине, әдебиетшілер қатарын иектеп алған бойкүйездік пен немкеттілік салдары болса керек.

соныдан сокпақ сорабын тартады. Тын ой, дара толғанысқа барады. Сонысымен оның өзі де дара шығып, бой биіктетеді, ой тереңіне сені де, мені де, оны да бойлата түседі. Бұйра толқын — ақ селеу, ақ жал далам, Жатыр тыныш, тымырсық, бақ жанбаған. Тұн тылсымын бір сәтке тыңдап көрші — Мұңлы дауыс шығады «Мағжандаған». Салған жерден ақын туған жерін былайғылардай мақтай жөнелмейді, керісінше басқа арнаға ауып түсіп,

Еңселі ақынның

есті жырлары

Сол көрініс әдетке айналып, санаға сіңіп болғандығы өсу, өркендеу жолы емес, асқынып келе сана сандалысына, ой тоқырауына әкелер құбылыс болатындығы тайға танба басқандай ақиқат екендігі еш дау тудырмайды. Биыл Есләм ақын сексенге толып отыр. Тым болмаса сенгірлі сексенінде бірер ауыз жылы лебіз білдіру тірілер парызы ғой деген қағидатпен қолға қалам алдық. Өзінің алғашқы «Ақ қайнар» жыр жинағымен жалт қаратқан Есләм ақын ай алмасып, жыл жылжыған сайын өсу, толысу, кемелдену үстінде болды. Ол, әрине, өз бойындағы табиғи дарынымен қатар үнемі іздену, үйрену, тәжірибе тәлімінен сабақ алу үстінде өткен процесс еді. Кезінде «Ақ қайнар» жинағын ежіктей оқып шыққан жастар камқоршысы бола білген Әбілла Тәжібаев ақын Есләм өлеңдеріне де үкілі үмітке толы өз бағасын былай деп бергендігі есте: «Есләм менің ойымда жүрген дәмелі, үміт аргатын інілерімнің бірі болғандықтан, оның «Ақ қайнар» деген атпен топталған жана өлеңдерін шын ықыласпен оқып шықтым. Жинақта барлығы 85 өлең бар екен. Бір жерге бас қосқан осыншалық көп өлең оқушысын «тойдырмайды», үнемі бірінен соң бірі тартып отырады. Әрбір жырдың өз әуені, өз сыры бар. Есләм тақырып жағынан кілең жаңалық айтты деу қиын. Бірақ бізге мәлім тақырыптардың өзі де Есләмша жырланып, жаңғырып отырады. Өйткені, талантты ақынның өлеңді поэзиялық дәрежеге көтеретін өнері көп, аспаптары мол». «Ақ қайындар» жыр жинағын оқыған Қалдыр Мырза Әлі ақын өзінің әманда қысқа да болса нұсқа қайырап әдетімен «Есләм шабытының жемісі — «Ақ қайындар», — деді. Қос қаламгердің әріптестері Есләм ақынға кезінде берген бағаларынан ақиқат атойлай бой байкатып, шынайы шындықтың шырай берері бар. Сондықтан да біз Есләм ақынның сонау



бозбалалы бозай шақтан-ақ өлең әлеміне бес қаруын сайлап келгендігін сезінеміз. Туған халқы туралы қай ақын толғанысқа толы отты жырларын арнамады дейсіз. Есләм да осы тақырыпқа келгенде асқақ пафоспен ой толғап, терең тебіреніске түседі. Халқым — Анам! Бүгім! Тереңім де! Дария сынды тербелем кемерімде. Еркелігім қашан да жарасады, Ол болмаса, басқаға керегім не?!

Халқым — Әкем! «Мөлдірім» тұнығым да!.. Күдірет-қуш жатқандай бұл ұғымда. Әкем барда, ақиық қырандаймын, Тастүлектің түлеген тұңғырымда, — деген Есләм ақын туған халқын Анам, Әкем дей отырып, адамзат ұғымының ең ұлық, ең қасиетті ұғымдарына бойлай түсіп барып, өзінің де сол халқымен тамырластығын, «ол болмаса, басқаға керегім не» дегендей кесімді де кесекті пікірге табан тірейді. Бұл шын мәнісінде халық деген қасиетті қара қайнардың қуат күші мен қадірлі қасиетін сезіне де сене білген жүректің, ақын жүректің берік байламы ғой дейсін.

Есләм ақын туған жерді жырлау миссиясын қалай атқара алды десек, ол бұл тақырыпқа талайлар табаны тоздырған таптауырын қу тақырдан бойын аулақ салып,

тақырыптарға барғысы келіп бармайды, оны ақынның сол сергек жүрегі, сөнбес сезімі еріксіз жетелеп әкелетіндей. Сол құбылыс оған үнемі тың толғаныс, соны серпіліске бастайды. Ақын жырларының өміршендігі де, өтімділігі де сонда деп білеміз.

Абай туған, Мұхтар туған жер мынау, Жолым түсіп келдім-ау. Білдірмейсің, Білдірмеген боласын, Қасіреті арылмаған шерлім-ау, — деген ақын ұлы мекеннің сән-салтанатынан гөрі қайғы-қасіретін, мұң-шерін көреді, сол арқылы осынау мекеннің жазылмас жарасына айналған атом жарылыстарының әкелген аждаһалы қасіретті наласын сөз етеді. Міне, Есләм ақын ұлылар туған мұңлы, шерлі мекеннің түп ақыры жеткен тұсын осылайша көз жасы сорғалаған өз жырына арқау етеді.

Қасиетті қарт Шыңғыстың төрінен, Айлы кеште Абай әні төгілген. Қабырғасы қарс айырылып сөгілген Өмір көрді арпалысқан өлімнен. Көрді, көрді... Көрмесем-ақ деп еді, Бұл — халықтың тарқамас шер-шемені. Асып барған,

Бабам тілі, Анам тілі, бол аман! — деген асқақ арманды аңсарын, бар болмыс-бітіммен ақ тілеулі айтарын адал көңілден ақтарып салады. Сені де сол тілектің ішінде болуға үндейді. Жалпы, ақын Есләмнің ет жүрегі тіл, туған жер тағдыры деген

сарқып еңбек еткенінді де көре алмайтын сорпылық Есләм ақынды айналып өтпесе, мына бізге де қара майлы лас мұрындығын соқтырмай қалмаған. Оны мына баст күндік жалған тірлікте талайын бастан кешкендейміз. Оның алыстан емес, өз маңынан мүнкіп жатқаны өкінішті! Есләм ақынның жігерінді жанып, намысына от беретін ой толғамдары жетіп артылады. Жасық жандай жанарыма шық тұнып, Даулы, боран көрген емес ықтырып. Сыңсам-дағы емен сынды шарт сынып, Құласам да күрт құлармын тік тұрып! Осы шумакты оқып отырып, қалай шамырқанбайсың, өзінді өзін қалай қайрамайсың. Сол үшін де ақын ағаға алғыс айтсақ керек. Осынау отты ойдың сорабын одан әрі сабақтай түссек ақынның «Қайрау» өлені ойға оралады. Тыңдап көріңіз. От басады өмірде аңдамаған, Бұл фәниде кімді кім алдамаған?! Адам деген арманмен күн кешеді, Тіле, бауырым, болғай деп арман аман! Шындық барда, өмірде жалған барда, Жетіп-жетпей жүрген көп армандарға. Көкірегіңде сөнбесін жарық сәулен, Басыңды ұрып қайтесің жардан жарға, Көп өмірде алдаған, алданған да. Өлі жандай өлексе өмір кешпей, Күресіп өткен жанда арман бар ма?!

Шыдығында да солай-ау. Бұл тұжырым Есләм ақынның өмірлік ұстанымы, толайым кредосы десе де болғандай. Тірі жүрген пенделердің санасына өшпес отты жырларымен күрескерлік рух сіңіріп, өмір үшін күресудің ғажайыптығын ұғындыра білгендігі үшін Есләм Зікібаев ақынға айтар алғысымыз ұшан-теніз. Өлмес жырларымыз бізбен, ұрпақпен жасай бермек, Ес-аға!

Төлеген ҚАЗЫБАЙ, Қазақстан Жазушылар одағы Ақмола облыстық филиалының төрағасы

РУХАНИЯТ



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

ЖЫР-ЖАУҺАР

ТУҒАН ЖЕР

О, туған жер! Бабам өтті өз қойыңда мекендеп, Жер жұмағы осы арада екен деп. Өтім мен де сағымьыңмен жарысып, Арманыма жетем деп.

Бір ұлыңмын сол сенімнен танбаған, Сенің ғажап күдіретіңе таң қалам. Өмір бойы көкірегімді кернеген Секілдісің, арман —ән.

Қиял құып кеттім алыс, кең мені, Сырым саған, жырым саған кестелі. Өзің жайлы толғанусыз өткен жоқ, Өмірімнің кештері.

О, туған жер! Сенсің менің тағдырым, Мәуелі еткен армандымның жаз гүлін. Бір ескерткіш жасап берем, — болса да — Тындырғаным аз бүгін. О, туған жер!

Менің байлық- ырысым, Арманымның шешек атқан гүлісің. Өмірім де бір өзіңе өзектес, Тіршілігім, Қуанышым, Тынысым!

ӨМІР НҰРЛЫ

Әр күнім менің қуаныш, бақыт — шалқыған, Әр күнім асқақ ән болып көкте қалқыған. Көкіректерден сыр болып сұлу төгілем Жан жүректерде күмбірлеп кәйдей тартылам.

Жетісуымның жеті өзеніндей жарасқан, Жүйрік боп шығам бас бәйгеге ылғи таласқан. Қыраның болып қияға қанат қағамын, Алатау сынды асқарлардан да әрі асқан. Күндермен алғы астасып дәйім қиялым,

Тыңдатам, елім, болашақтың да күй-әнін. Тәй басқан әрбір жеткіншегімнің тұсауын, Жүлдені бермес дүлдүл болсын деп қиямын. Алатауымының ақшаңқан ашық ажары,

Өмірдің бейне тарқамас шаттық базары. Айдыны шалқар — шабыттың асыл қайнары Біреуі сыр ғып, біреуі жыр ғып жасады. Алма мен алмұрт, бадана балдай жәзімі.

Алатау сынды арудың алтын жәзігі. Меймандар келсе қарайды соған үзіліп, Тамсана талай таңдайын қағар қызығып.

Гүл дегендей-ақ, өлкемнің ерен гүлі көп, Құйылар дәйім көңілге шаттық нұры боп. Соларды кейде ұялтамыз кеудеге, Алатауымының ақындарының жыры деп.

УАҚЫТ СӨЙЛЕЙДІ

Уақыт сөйлейді — Кешегі өткен күндерден сыр ақтарып, Көп жайды бара жатқан жырақ қалып Көз алдыңа қайтадан әкеледі, Дегендей-ақ; Басқадан сұратпалық, Уақыт сөйлейді — Тірліктен бір ұтылып, бір ұтамыз — Сөйтіп жүсіп өткенді ұмытамыз, Мәз болып азды-көпті жұбанышқа Жүректі алданышпен жылытамыз, Пендемді ғой — Бәрін тез ұмытамыз. Уақыт сөйлейді — Талай сырды ұқтырып бәрімізге Жасымызға, Жасамыз-кәрімізге.. Сол күндердің сабағын түсінбеген Тоғышарлар бар ғой деп әлі бізде. Уақыт сөйлейді — Көктемдегі гүл болып дала тұнған, Қуанышқа, Бақытқа жаратылған. Зұлымдыққа от болып атылардай — Күрес болып ажалға ара тұрған. Уақыт сөйлейді — Желегі ашылмаған жар атынан, Әжесін көре алмаған бала атынан, Жалғызын ұзақ жолға шығарып сап, Әлі де күтіп жүрген ана атынан.

Есләм ЗІКІБАЕВ



4 МАУСЫМ
МЕМАКЕТТІК
РӘМІЗДЕР КҮНІ

Халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер.

Талдықорғанда өткен

Мемлекеттік рәміздер күні салтанатты шараға келген әрбір адамның кеудесін патриоттық сезім биледі.

Бәрі де шат-шадыман, мәз-мейрам болып, көк байрақтың көкке көтерілуін асыға күтіп тұрды. Былтыр ғана ашылған «Жастар» мәдени-демалыс саябағы музыкалық субұрқағымен мерекелік шараларға арналған сахнасымен ерекшеленсе, рәміздер күнінде бұған тағы да бір өзгешелік қосылды.

Ол — саябақта 92 метр биік тұғырға мемлекеттік тудың орнатылуы еді. Енді мұнда мемлекеттік маңызы бар шаралар, ресми жиындар да өткізілетін болады. Көк байрақты көтеру салтанатына облыс әкімі Амандық Баталов қатысып, елдің қуанышымен бөлісті. Салтанатты жиын сахналандырылған көрініспен басталды. Мерекеле тәуелсіз елдің бүгінгі бүлдіршіні шаттана ән шырқап, шабыттана өлең оқыды. Ал Алматы облысының әкімі Амандық Баталов өзінің құттықтау сөзінде тұғырға орнатылған мемлекеттік тудың ұзындығы, тұғырдың биіктігі мемлекеттік маңызы бар даталармен тығыз байланысты екенін айтып, «Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттігін айқындайтын мереке құтты болсын! Қазақстан Республикасының рәміздері күніне орай орнатылатын ту тұғырының биіктігі — 92 метр.

мемлекеттік рәміздері қабылданды. Тудың ұзындығы — 25 метр, ені — 12,5 метрді құрайды. Тудың ұзындығы тәуелсіздігіміздің 25 жылдығын білдіреді. Осындай мемлекеттік ту Астана, Алматы сияқты еліміздің ірі қалаларында орнатылған.

Тәуелсіздігіміздің аркасында еліміздің әлемдік аренада беделі артып, еліміздің бірлігі мен берекесін әлемге паш етіп келе жатырмыз. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Біз тәуелсіздікке қол жеткіздік. Енді сол тәуелсіздіктің ерекше белгілерін де қадірлеуіміз керек. Әрбір азамат Қазақстанның туын, әнұранын, елтанбасын тұмардай қасиет тұтуы керек» деген болатын. Мемлекеттік рәміздер — ұлттық тұтастықтың кепілі. Мәңгілік еліміздің көк байрағы биіктен желбірей берсін!», — деді.

Мемлекеттік
рәміздер – еліміздің
егемендігі мен
тәуелсіздігін
паш етуші әрі
мемлекетіміздің
өткені, бүгінгі
және болашағы
арасындағы
сабақтастықтың
жарқын бейнесі.

Көк тудың желбірегені...



Таласқа түссе жан мен ту,
Жан емес маған керегі,
Көк тудың желбірегені, — дегенде көк аспанмен таласып көк байрақ желбіреп тұрды. Мемлекеттік туды тұғырына қондырғаннан кейін жиылған көпшілік саябақтың концерттік сахнасына қарай барып, жергілікті өнерпаздардың өнерін тамашалады.

Әйгерім МӘМБЕТӘЛІ, қала тұрғыны:
— Мен өз елімнің болашағына сенемін. Себебі біздің елде бейбітшілік пен ынтымақ қанат жайған. Әлі де салтанат құрып келеді. Балаларымның еліміздің патриоты болуы үшін барымды салып, тәрбие беремін. Тәуелсіз еліміздің патриот ұл-қыздарын тәрбиелеу — ең бірінші ананың парызы деп білемін. Бүгін тұғырына қонған мемлекеттік туды менің балаларым күн сайын көреді. Аспанмен таласып желбіреп тұрған байрақты күнде көрудің өзі адамға биік рух, азат сана, ұлтымыз сезім сыйлайды.

Әлімғазы РАЙЫМБЕКОВ, актер, ардагер спортшы:

— «Бір кездері Талдықорған облысы тарап кеткенде, біз жетім баланың халін кешіп едік. Алматы облысы болып құрылғаннан бері өңіріміз дамып келеді. Талдықорған күн санап гүлденіп жатыр. «Жастар» спорт сарайы салынғанда қалай қуансақ, бүгінгі жастар саябағының әдемі келбетіне де сондай қуаныштымыз. Жастар саябағында орнатылған көк байрағымыз әрбір жастың жүрегінде отанымыз сезім, патриоттық рух, азат сана қалыптастырады деп ойлаймын. Саябаққа келген жастар мұнда демалып қана қоймай, мәдени-рухани тәрбие алатынына бек сенемін. Бұл саябақ жастарымыздың мәдени, әдеби басқосуларына куә болады.

Амангелді ТӨЛЕМІСОВ, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті мәдениет және өнер факультетінің деканы, тарих ғылымдарының кандидаты:

— Рәміздер күніне орай Талдықорғанда тәуелсіз еліміздің, тәуелсіз халқымыздың рухын тағы да бір асқақтататын тарихи оқиға болып жатыр. «Жастар» саябағы күні ертең-ақ қаламыздың атаулы орнына айналатынына күмәніміз жоқ. Мұнда орнатылған көк байрағымыз елдігіміз бен тәуелсіздігімізді күллі жұртқа паш етіп тұрады. Тәуелсіз мемлекеттің өзіндік белгілері болады ғой. Елдің шекарасы, жергілікті халқы, Ата заңы, мемлекеттік рәміздері болуы керек. Міне, мемлекетімізді айқындайтын барлық белгілер бар. Біз енді оны құрметтеуіміз керек. Көк байрақты 92 метр биіктікке көтеріп, әспеттеуіміз рәміздерге деген құрметіміз.

АУЫР АТЛЕТИКА



Бұл өлшемнің өзіндік мағынасы бар. 1992 жылы 4 маусымда тәуелсіз Қазақстанның тәуелсіз еліміздің



Өңір басшысының құттықтау сөзінен кейін мемлекеттік әнұраны әуезімен байрақ көкке көтеріліп, жалау желегін жайды. Осыдан кейін «Талдықорған әуендері» фольклорлық-



этнографиялық ансамблінің әншілері ән айтып, ашық аспан астын жыр-думанға бөледі. Көк байрағымыз көкте желбіреп сала бергенде қазақ эстрадасында өзіндік орны бар Ибрагим Ескендір «Көк тудың желбірегені» әнін әуелетіп, жиылған жұртты бір серпілтіп тастады.

Көк тудың желбірегені,
Жаным қуат береді,

Талдықорған қаласында ауыр атлетикадан ерлер мен әйелдер арасындағы ел чемпионаты басталды. Жарыстың салтанатты ашылуына Ұлттық штаттық командалар және спорт резерві дирекциясының директоры Қайыргелді Жанпейісов, ауыр атлетика федерациясының атқарушы директоры Асқар Қапеннов, ауыр атлетикадан еліміздің бас бапкері Алексей Ни және ауыр атлетикадан мемлекеттік жаттықтырушы Меңдіхан Төпір қатысты.

Чемпионаттың ашылуында сөз сөйлеген облыстық спорт және дене шынықтыру басқармасының басшысы Тұратбек Шарапиев Жетісу жұртын жумла елге мәшһүр еткен ауыр атлетшілердің есімін атай келіп, бұл жарыстың мәні мен маңызын таразылап берді.

Тұратбек ШАРАПИЕВ, Алматы облыстық спорт және дене шынықтыру басқармасының басшысы:

— Мемлекет қолдауының арқасында Жетісу жерінің спортшылары өңірдің атын төрткүл дүниеге танытып, мемлекетіміздің мәртебесін

Үздіктер анықталды



асыруда. Лондон Олимпиадасының жеңімпаздары Светлана Подобедова, Майя Манеза, Зульфия Чиншанло, әлем чемпиондары Владимир Седов, Ибрагим Берсанов, Альберт Линдер, Зелимхан Әбубақаров, Карина Горичевалар — біздің мақтанышымыз. Бүгінгі жарыс жас спортшыларымыздың спортқа деген



ынтықтар арттырып, салауатты өмір салтын қалыптастыруда зор ықпалға ие.

Жарыстың салтанатты бөлімі аяқталысымен әйелдер арасындағы 48 және 53 келіге дейінгі салмақ дәрежесі бойынша зілтеміршілер сынға түсті. Алғашқы нәтижелер бойынша жетісулық Маргарита Елисеева коссайыстың қорытындысы бойынша 200 келі салмақты бағындырып, 53 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде жеңімпаз атанды.

Республиканың түкпір-түкпірінен келген зілтеміршілерді іріктеуді мақсат еткен бұл жарыс Рио-де-Жанейрода өтетін Олимпиадаға қатысуға жолдама береді. Бас бапкер Алексей Нидің айтуынша, бәсекеде бағы мен бабы келіскен 10 спортшы еліміздің намысын қорғауға шығады.

Меңдіхан ТӨПСІР, ауыр атлетикадан мемлекеттік жаттықтырушы:

— Жарысқа 15 команда қатысып жатыр. Спортшылардың ұзын саны 150-ге жуықтайды. Жыл сайын чемпионат дәстүрлі түрде Талдықорған қаласында ұйымдастырылуда. Байрақты бәсекеге сақадай сай болу үшін жергілікті әкімшіліктің, федерацияның, министрліктің тарапынан тиісті жұмыстар жүргізіліп жатыр. Рио-де-Жанейрода өтетін чемпионатқа Қазақстан толық құрамда қатысады. Ерлерден — 6, әйелдерден — 4 жолдаманы ұтып алған болатынбыз. Оған 30-ға жуық спортшы қатысуға еркі бар. Неге десеңіз, соңғы Олимпиада циклында екі лицензиялық турнирге әр спортшы қатысқаннан кейін ғана



Сонымен ел чемпионатының қорытындысы бойынша Алексей Ни жариялаған Риоға баруға үмітті кандидаттар тізімі.

ЕРЛЕР АРАСЫНДА: Илья Ильин, Кирилл Павлов, Александр Зайчиков, Фархад Харки, Арли Чонтей, Денис Уланов, Селимхан Абубақаров, Ниязат Рахимов.

ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДА: Карина Горичева, Жазира Жапарқұл, Зульфия Чиншанло, Майя Манеза, Маргарита Елисеева мен Светлана Подобедова.

Бетті дайындаған Шынарғұл ОНАШБАЙ, Алматы облысы

Директор — Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың орынбасары

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Бөлім редакторлары:

Марат МАМАНБАЙ — қоғам және әлеумет
Макпал НОҒАЙБАЕВА — өнер және руханият
Руслан ДОСТАЕВ — арнаулы тілші
Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміші
Мехмет СЕМЕРЖИ — фототілші

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Шынарғұл ОНАШБАЙ — Алматы облысы (8 701 503 02 76)

Асқар АҚТІЛЕУ — Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96)

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ — Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Дүйсенбек АЙБЕКОВ — Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Руслан ДОСТАЕВ

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы,
93-үй (Абай даңғылының қиылысы)
Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67
(жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПНҚ
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2102;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 45 000 дана

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Etihad Air ways», «Turkish Airlines», «BIM», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.